

Латвия Республикасының Президенті Вайра Вике-Фрейбергидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 5 қазандағы N 297-ө Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасының арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 7-9 қазанда Астана мен Алматы қалаларында Латвия Республикасының Президенті Вайра Вике-Фрейбергидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Латвия Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен Астана қаласында бизнес-форумды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Латвия Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Латвия Республикасының Президенті Вайра Вике-Фрейбергидің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана мен Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана мен Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана мен Алматы қалаларының әкімдері:

Латвия Республикасының делегациясын баратын жерлерде күтіп алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің, кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес-форумды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана мен Алматы қалаларының әуежайларында Латвия Республикасының Президенті Вайра Вике-Фрейбергиді күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

5

қ а з а н д а ғ ы

№

2 9 7

ө к і м і н е

қосымша

Латвия Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. 1+11 форматы бойынша Латвия Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейджер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Латвия Республикасының ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Латвия Республикасының ресми делегациясын Астана мен Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан Латвия Республикасының Президенті Вайра Вике-Фрейбергидің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Астана қаласында Қазақстан Республикасының және Латвия Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізуге қажетті залды, слайд-проекторды, компьютерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, микрофондарды, құлақшаларды жалға алуға ақы төлеу және кеңсе заттары мен м и н е р а л д ы қ с у с а т ы п а л у .

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.